

А.О. Мұсабеков

ҚАЗАҚСТАНДА АДАМ САУДАСЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛЫМЫСТАР ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Адам саудасы мәселесі – қазіргі таңда қоғамдағы теріс құбылыстардың біріне айналуға, бұл мәселе бірінші рет ХХ ғасырдың басында құқық қорғаушылардың тарапынан көтерілген болатын.

Қазақстанда бүгінгі таңда тауарлардың көзіне және алып өту орнына айналып отыр. Сонымен қатар, ол әрі соңғы жеткізілім орны сипатында көрініс беріп те қалады. Мұнымен қоса, мемлекет ішінде заңсыз адам саудасымен айналысу оқиғалары да тіркеліп отыр. Қазақстаннан әйелдер мен қыздарды Біріккен Араб Әмірлігіне (БАӘ), Грецияға, Түркияға, Израильге, Оңтүстік Кореяға сатып жіберу оқиғалары орын алуда. Мәліметтерге сәйкес, Қазақстан арқылы Қырғыз елінен аталған мемлекеттерге әйелдер жеткізіліп берілген. Қырғызстаннан жұмысшыларды (ерлер мен әйелдер) Алматы облысына (тікелей Қырғыз-Қазақстан шекарасы арқылы) темекі плантациясында жұмыс істеу мақсатында заңсыз алып өту деректері тіркелген [1, 16].

Қазақстанда соңғы жылдары адам саудасына қарсы күресуге бағытталған бірқатар шаралар жасалып та жатыр. Қазақстан әлем таныған адам трафигімен күресуге бағытталған халықаралық ұйымдар мен конвенцияларға қатысып, қойылған талаптарды орындап отыр. Қазақстанның бұл саладағы оң қадамдары АҚШ Президентінің Конгресс алдында жасаған баяндамасында аталып та өтілді.

«Адам саудасы құрбандарын қорғау туралы» заңның адам саудасымен күресу жолында үлкен қадам жасауының арқасында он мемлекет санкцияларына ұшыраған жоқ. Ол мемлекеттер – Белиз, Босния және Герцеговина, Доминикан Республикасы, Грузия, Греция, Гаити, Қазақстан, Суринам, Түркия және Өзбекстан. Бұл мемлекеттерге АҚШ Мемлекеттік Департаментінің 2003 жылы маусым айында жарық көрген адам саудасы жөніндегі Баяндамасында жедел шаралар ұйымдастырғаны үшін жылы лебіздер білдірілді [2, 16].

«Адам саудалау» ұғымы таяуда ғана қолданысқа енгенімен, оның түп төркіні болып саналатын «құлдық» ұғымы Қазақстан аймағында көнеден белгілі. Әдеткі құқықтың қылмыстық-құқықтық нормалары көшпенділік мәдениетінің принциптеріне негізделген ерекшелікпен сипатталады. Оны номадалық мәдениет деп атайды. Номадалық өркениеттің құрылу, даму және тасымалданып түрлену процесіне Шыңғысханның – Жаса немесе «Жасаң» заңдылығы өз үлесін қосты.

ХХҮІ ғасырдың басында Қазақстанда әлеуметтік қатынастардың реттеушісі Қасым ханның заңдары – «Қасым ханның қасқа жолы» болды. Ол өзіне Шыңғысханның Жасақта бекітілген әдеткі құқық нормаларын қамтиды. Қазіргі заң техникасы ұстанымы тұрғысынан бүгінгі күннің стандартына Тәуке ханның заңдары жақын келеді. «Жеті жарғы» - әдет нормаларын қорытындылау нәтижесі болып табылады. Патриархалдық-феодалдық қатынастарда әйелді некеге тұрғанға дейін күйеуі өзінің заты ретінде, меншігі ретінде сатып алған. Көптеген халықтар сияқты қазақтарда да әйел қоғамда да, отбасында да күн жағдайында болды [3, 226]. Қалымның болуы әйелге мынадай қатынасты сипаттайды: әйел сатуға және сатып алуға болатын меншік ретінде, зат ретінде қаралды [4, 242 б].

Қазіргі құқықтық заң бойынша 18 жасқа жетпеген қызын басқа біреуге қалымға келін ретінде берген ата-ана ҚР ҚК-нің жаңартылған 133 бабымен «Кәмелетке жетпегенді саудалау» деп жіктелініп қылмыстық жауапкершілікке тартылады [5, 62 б], ал көрсетілген жастан үлкен болса, ҚР ҚК-нің 128 «Адам саудалау» деп жауапқа тартылады [5, 59 б.].

1917 жылы Қазан оқиғасынан кейін патриархалдық – рулық тұрмыстың көріністерімен, оның ішінде адам саудасымен және соған туыстас іс-әрекетпен күресу саласындағы қылмыстық саясат қатаңданды. Бұрын Қазақ ССР-нің аймағында қолданылған қылмыстық заңдылық рулық тұрмыстың қалдығын құрайтын қылмыстық іс-әрекетке мыналарды жатқызды: келін үшін төленетін және алынатын қалым (196 бап); әйелді некеге тұрғызуға немесе некелеп бірге тұруды созуға мәжбүрлеу, демеп некеге тұру үшін оны ұрлау (197 бап) [6, 6 б.].

1920 жылдың 28 желтоқсанында Қырғыз Орталық атқару Комитеті мен Халық Комиссариатының Кеңесі «Қалымды тойтару жөнінде» Декрет қабылдады. Онда мына түрдегі санкция болды: «екі жақты еркіндігінен бір жылға дейін айыру, оны алған адамдардың қалымдық мүлкін екі есе өлшеммен тәркілеу» [7, 48 б]. Бүкілодақтық Орталық атқару Комитетінің 1924 жылдың 16 қазанындағы XI шақыруының 2-сессиясында (СУ№79) «Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасының автономдық республикалар үшін қылмыстық кодекске толықтырулар жөніндегі» автономдық Қырғыз КСР үшін іс-әрекеттің келесі түрлерін криминалдау қарастырылған: күн алу;

барымталау; қалым төлеу және қалым алу (230бап); әйелді күйеуге шығуға еркіне карамай, мысалы қалым төлеу жолымен мәжбүрлеу (231бап); екі әйел алу және көп әйел алу [8, 180-181 бб.].

1996 және 1997 жылдары Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі қабылданды. Қылмыстық заңдардағы нормалар жекелеген өзгешеліктерді есептемесе ҚР-дың ҚК-нің 133 «Кәмелетке толмағандарды саудалау» бабындағымен бірдей десе де болады.

Қазақстан Республикасының 2006 жылдың 2 наурызындағы «Қазақстан Республикасының адам саудасына қарсы әрекет жасау мәселелері жөніндегі кейбір заңдылық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі» заңымен ҚР ҚК-не адам саудалағаны үшін жауапкершілікті қатайтатын түзетулер енгізілді [9, 3 б.].

Қазақстан Республикасының 2005 жылдың 3 маусымындағы «Қазақстан Республикасының адам саудасына қарсы әрекет жасау мәселелері бойынша кейбір заңдылық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі» заң жобасының түсінік хатында былай деп жазылған: «Бас прокуратура мен Ішкі Істер министрлігінің адам саудасымен байланысты қылмыстардың ашылуына, жолын кесуіне және тергеуіне жасаған талдауы адам саудасымен байланысты қылмыстар үшін жауапкершілікті қарастыратын 113, 126, 128, 133баптарының жетілмегендігін растайды» [10].

Қазақстанда 2000 жылы адам саудалау мәселесіне арналған бірінші Конференциясында қабылданған Резолюцияның негізгі қағидалары [11, 167-168 бб.]:

- адам саудалау (адамдар трафигі), әсіресе әйелдер мен балалар трафигі адамдарды ел ішінде және одан тысқары аттандыруды, сондай-ақ кейін сексуалдық қатынасқа және еңбекке пайдалану үшін адамды сатып алуы, сатуды және беруді қамтиды; құлға айналуы немесе құлдыққа ұқсас күйге келуді (қарыздық кіріптарлықты, некелесудің еріксіз формаларын, мәжбүрлеуші еңбектің басқа да формаларын) қамтиды:

- әйелдер трафигі елеулі антиәлеуметтік құбылысқа айналды, сонымен бірге бұл құбылыстың ауқымы мен формалары жөніндегі шынайы ақпарат айқын жеткіліксіз;

- әйелдердің жасырын миграцияға баруының және тартылуының себебі олардың қоғамдық мәртебесінің төмендігі, жұмыстың және жұмысқа орналасу болашағының жоқтығы;

- трафигі, оның ішінде әйелдер мен балалар трафигін ұйымдастыруға кейбір компаниялардың, туристік фирмалардың, некелесу агенттіктерінің және жеке адамдардың тартылуы;

- трафигінің құрбандары әдетте шекараның арғы жағына рұқсатнамасыз және төлқұжатсыз, немесе қолдан жасалған рұқсатнамамен және төлқұжатпен өтеді де, онда заңсыз мигрант ретінде тұрады. Нәтижесінде тіршілік пен жұмыстың кіріптарлық жағдайына қарамастан, олар құқық қорғау органдарынан көмек сұраудан қорқады;

- трафигінің құрбандары адам құқығының, оның ішінде өмір сүру құқығының, жеке еркіндігінің, заң алдындағы теңдік құқығының, бір жерден екінші жерге бару еркіндігі құқығының, кездейсоқ тұтқындалудан қорғану құқығының, ұстап алу мен қудалаудан, некеге өз еркімен тұру құқығының бұзылуына ұшырайды;

- шетелден трафик құрбандары әдетте мыналарға мұқтаж: трафигі ұйымдастырушылардан қорғануға, құқық қорғау органдарына хабарлау мүмкіндігіне, отанына қайтып оралуға көмек алуға, отанына қайтып оралған соң оларға психологиялық, медициналық және материалдық көмек сұрауға;

- адамдар трафигі мен саудалау проблемасын ең алдымен адам құқықтары көзқарасы тұрғысынан шешу керек, тек содан соң ғана мемлекеттің миграция саласындағы мүддесіне, ұйымдасқан қылмыспен күреске, мемлекеттің жезөкшелікке қатысы бойынша қарау қажет.

С.А. Алжанкулов аталған ғылыми форумнан жеті жыл өтсе де адам саудасының пайда болу және таралу себептеріне деген қозғалыстың іс жүзінде өзгермегендігін айтады [12, 45 б].

Адам саудасына қатысты кейбір авторлардың еңбектерінен алынған қылмыстың берілген түрінің ерекшеліктері мен даму сипатын қорытындыланып 1-кестеге енгіздік:

1-кесте. Адам саудасының ерекшеліктері мен даму сипаты

№	Адам саудасының ерекшеліктері мен даму сипаты	Байқалатын ел, жыл	Зерттеген автор
1	Адам саудасы қылмыстық іс-әрекеттің барынша тез дамыған түрі болып табылады. Жыл сайын шамамен 4 млн-ға дейін адам сатылады	Бүкіл әлем бойынша, жылына орта есеппен	Кара С. Раф [13] 2000 ж.
2	Қазіргі уақытта 200 млн адам құлдықтың қазіргі формаларының құрбандығына айналды	Бүкіл әлем бойынша	Синицина Ф.Л. [14], 2003 ж.
3	2 млн бала жезөкшелікпен айналысуға мәжбүрленеді	Бүкіл әлем бойынша	Союзан Х. Джексон [15], 2003 ж.
4	Кәмелетке толмағандардың саудалаудың 28 дерегі тіркелді	Қазақстанда	Кулакова Н.Г. [16], 1999 ж..

1-кестеден адам саудасы қылмыстық іс-әрекеттердің ішінде қауырт дамып келе жатқан түрі екендігін, оның құрбандары санының бүкіл әлем бойынша өсіп отырғандығын байқаймыз. Демек, қылмыстың осы түрін ауыздықтауға қарсы заңдылық пен іс-шараларды кең ауқымда күшейту керек.

Адам саудалауға қарсы әрекет жасау жөніндегі ҚР-ның 1996-2009 ж.ж. Заңдары мен қаулылары қорытындыланып 2-кестеге енгізіледі.

2-кесте. Қазақстан Республикасында адам саудалауға қарсы заңдары мен қаулылары

ҚР-ның адам саудалауға қарсы заңдылықтары мен қаулылары	Енгізілу негізі, жылы
ҚР «Кәмелетке толмағандарды саудалау» ҚК-нің 133 бабы	«Бала құқықтары жөніндегі» БҰҰ Конвенциясы, 1996-1997 жж.
133 баптың «сексуалдық сипатты әрекетті жасағаны үшін» жіктелік себепке байланысты толықтыру есебінен жаңарту	«Бала құқықтары жөніндегі» БҰҰ Конвенциясы, 1998 ж.
«Адам саудалауға қарсы әрекет жасау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 131-III ҚРЗ, 2006 ж. 2 наурыз	Адам саудалауға үшін жауапкершілікті күшейту, 2006 ж.
«Адам саудасына қарсы әрекет мәселелері бойынша ҚР-ның кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»	Адам саудалаумен байланысты қылмыс үшін жауапкершілікті қарастыратын ҚК-тің 113, 126, 128, 133 баптарының жетілмегендігі, 2005 ж.
ҚР ҚК-нің «Адам саудалау» жөніндегі 128 бабы	Адам саудалауға үшін бас бостандығынан айырып жазалау, 2008 ж.
Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Адамдарды заңсыз алып кетумен, алып келумен және саудалаумен күрес мәселелері бойынша Ведомство аралық комиссия құру туралы» № 983 қаулысы	Адам саудалауға қарсы күрес мәселелерін шешу, 26.09.2003.
Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы Үкіметінің адам саудалау бойынша қылмыспен күресу, тоқтату және алдын алу жөнінде 2004-2005 жылдары өткізілетін шаралардың жоспары туралы» №219 Қаулысы	Адам саудасына қарсы шаралар, 24.02.2004 ж.
Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы Үкіметінің адам саудалаумен байланысты қылмыспен күресу, тоқтату және алдын алу жөніндегі 2006-2008 жж. өткізілетін шаралардың жоспары туралы» №261 Қаулысы.	Адам саудасына қарсы шаралар, 10.04.2006 ж.

2-кестеде Қазақстан Республикасында адам саудасына қарсы бағытталған іс-әрекетті күшейтудің маңызды факторларының бірі заңдылықтар мен қаулылар жөнінде мәліметтер енген. Бұл мәліметтер елімізде аталған қылмысқа қарсы күрес жүргізуде бірқатар шаралардың орындалып жатқандығын білдіреді.

1. Доклад о соблюдении прав человека в Казахстане в 2001 г. //Государственный департамент США. //http://www.state.gov.
2. США утверждает, что 10 стран предпринимают шаги по борьбе с торговлей людьми //Migrant.us. 22.09.2003 //http://www.infohouse.us.
3. Корзун И.В. Преступность среди женщин в Казахстане. –Алматы: Жеты Жарғы, 1998. –78 с.
4. Культелев Т.М. Уголовное обычное право казахов. –Алматы: Дауир, 2004. – 264 с.
5. Уголовный кодекс Республики Казахстан. – Алматы: Юрист, 2008. -180 с.
6. Мамутов А.М. Преступления, составляющие пережитки патриархально-родового быта. – Алматы: Казгоснздат, 1963 - 275 с.
7. Культелев Т.М. Совесткое законодательство в борьбе с преступлениями против раскрепощения женщины //Известия АН КазССР, серия юрид., 1948 - №50. – вып.1 – С.48-52 .
8. Уголовное законодательства Союза ССР и союзных республик в двух томах. Т.1.-М. Госюриздат, 1963 – 375 с.
9. Казахстанская правда – 2006 – 11 марта.
10. СПС «Юрист», 19.04.2006, 10:56:04.
11. Революция международной конференции «Женщины закон и миграция». г.Алматы 23-24 ноября 2000 г. «Женщины. Закон и Миграция/ под ряд» Михаэля Чанца; материалы конференции. – Алматы: MOM в Казахстане. 2000 – С.167-168.
12. Алжанкулов С.А. Причины возникновения и распространения торговли людьми // Вестник КазНУ им. Аль Фараби. Серия международные отношения и международное право. 2007. №3-47.– с7 44-49.

13. Кара С.Раф. Защита жерт торговли людьми; первый закон о борьбе с рабством от 2000//Организованная преступность, терроризм и коррупция.- 2003.- №3//Московский исследовательский центр по проблемам организованной преступности и коррупции//<http://www.mosogcrimcenter.ru>.

14. Синицин Ф.Л. Зарубежное законодательство по проблеме торговли людьми//Организованная преступность, терроризм и коррупция.- 2003.-, №3 //Московский исследовательский центр по проблемам организованной преступности и коррупции//<http://www.mosogcrimcenter.ru>.

15. Сюзан Х.Джексон. Выполнить и подчиниться: торговля «повестками по почте» //Организованная преступность, терроризм и коррупция.- 2003.- №3 //Московский исследовательский центр по проблемам организованной преступности и коррупции//<http://www.mosogcrimcenter.ru>.

16. Кулакова Н.Г. Криминалогические и уголовно-правовые меры с торговлей несовершеннолетними: автореф. диссертации к.ю.н.- М.: Академия управления МВД России, 2000. - С. 3.

М.С. Елюбаев

ЦЕЛИ НАКАЗАНИЯ ПРИ ПОЖИЗНЕННОМ ЛИШЕНИИ СВОБОДЫ

Институт пожизненного лишения свободы известен уголовной юстиции многих стран мира. Он применяется в Англии, США, Франции, ФРГ, Италии.

Анализ опубликованной зарубежной информации об уголовной юстиции стран Азии и Океании показал, что пожизненное лишение свободы предусмотрено также в уголовном законодательстве Китая, Индии, Японии, Кореи, Сингапура и Таиланда (или, иными словами, почти в половине стран, о которых имелись текущие данные) с возможностью освобождения от наказания на определенных условиях. [1,ст. 62]

В соответствии с ч. 4 ст. 48 УК РК, пожизненное лишение свободы устанавливается только как альтернатива смертной казни за совершение особо тяжких преступлений, посягающих на жизнь, и может назначаться в случаях, когда суд сочтет возможным не применять смертную казнь.

Пожизненное лишение свободы не назначается женщинам, а также лицам, совершившим преступления в возрасте до восемнадцати лет, а мужчинам- достигшим к моменту вынесения приговора шестидесятилетнего возраста. По нашему мнению, законодатель не дает отдельного пояснения или комментария по поводу тех целей, которые преследует при назначении данного наказания. Можно только догадываться о том, что оно применяется для ограждения государства, общества и граждан от посягательства особо опасных граждан, но такая цель не обращена к самой личности преступника, которого мы хотим вернуть в семью, в общество, сделать его востребованным гражданином своей страны. Для разрешения имеющихся место противоречий между теорией и практикой необходимо сформулировать цели пожизненного лишения свободы, отражающие реальное положение дела.

В настоящее время при пожизненном лишении свободы преследуются цели, установленные в ч. 2 ст. 38 УК РК. Все элементы установления социальной справедливости, сформулированные в данной работе, присутствуют. Особенно усилена кара.

Соглашаясь с мнением таких ученых, как И.С. Ной [2,75-76] и Н.А. Стручков [3,с.31], можно предположить, что ради установления социальной справедливости в течение 10 лет не учитываются положительные сдвиги в сторону исправления, согласно ч. 3 ст. 123 УИК РК. Что касается условно-досрочного освобождения, оно может быть применено лишь через двадцать пять лет (ч. 5 ст. 70 УК РК). Даже если полагать, что осужденный исправился, никто не вправе осуществить условно-досрочное освобождение, так как кара для таких категорий лиц по длительности минимум должна составлять двадцать пять лет. Это необходимо для достижения других целей: установления социальной справедливости и частного и общего предупреждения. Ученые обращают внимание на далекие от совершенства условия содержания и уровень воспитательной работы к пожизненному лишению свободы в Республике Казахстан[4, с.18-19].

Существующие у нас колонии особого режима переполнены, морально и физически устарели и не отвечают в полной мере требованиям безопасности. В 2009 году в г. Астане содержались 1052 осужденных, в Кустанайской области - 612 осужденных, в Северо-Казахстанской области - 714 осужденных [5].

Мы согласны с тем, что, "исходя из принципа исправления, следует строить и всю остальную работу с осужденными" [4, с.20]. По нашему мнению, учитывая вышеуказанные обстоятельства, следует применить подход к институту условно-досрочного освобождения. В этом плане поучителен опыт Японии. Согласно ст. 28 УК, условное освобождение из тюрьмы возможно через десять лет при бессрочном или пожизненном лишении свободы [6,с. 501]. Данное положение следовало бы включить в ч. 5 ст. 70 УК РК.